



"Электрондық Үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 40 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қаулының күшін жою көзделген - ҚР Үкіметінің 08.05.2026 № 374 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы болып айқындалсын.
2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 29 қаңтардағы
№ 40 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізімі

1. "Ақпараттандыру саласындағы оператор туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 679 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 41, 365-құжат).
2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 қарашадағы № 1169 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 59, 579-құжат).
3. "Электрондық үкіметтің" төлем шлюзінің операторы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1497 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 10-11, 136-құжат).
4. "Мемлекеттік техникалық қызметтің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 қаңтардағы № 49 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 12, 226-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің мәселелері" туралы 2004 жылғы 24 қарашадағы № 1232 және "Ақпараттандыру саласындағы оператор туралы" 2010 жылғы 1 шілдедегі № 679 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1114 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 60, 826-құжат).

6. "Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының операторы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1719 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 17, 280-құжат).